

ЖАҢАЛЫҚТАР

Украина Түркиядан ATACMS зымырандары мен M270 қондырғыларын сатып алмақ

9 тамыз 2026 жыл, 08:11



ATACMS зымыраны (көрнекі сурет)

АҚШ Түркияның қолындағы дүркіндете ататын 12 дана M270 реактивті қондырғыны, жер үстіндегі нысананы жоюға арналған 70 ATACMS баллистикалық зымыранын, кассеталық оқ-дәрілер мен артиллерия снарядтарын Украинаға беруге келісуге ниетті. Бұл туралы АҚШ мемлекеттік департаменті Конгресті [хабардар](#) еткен. Қару-жарақ пакетінің жалпы құны шамамен 28 миллион доллар болады.

Мемлекеттік департаменттің мәліметінше, Вашингтон "әскери, саяси және экономикалық факторларды" ескеріп, аталған қару-жарақ пакетін Түркияның Украинаға беруіне рұқсат етуге дайын және бұл Украинаға қауіпсіздік саласында қолдау көрсету жөніндегі америкалық саясаттың мақсаттарына сәйкес келеді. Ал Түркияға бұл өз қару-жарақ қорындағы ескіргендерін азайтуға мүмкіндік бермек.

АТАСМС — жер үстіндегі нысаналарды жоюға арналған америкалық баллистикалық зымыран. Ал М270 — бірнеше зымыранды бір мезетте ұшыра алатын реактивті қару жүйесі.

Бұл ақпарат Украинаға әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйелеріне арналған оқ-дәрі жеткізу мәселесі көтеріліп отырған шақта жарияланды.

8 тамызда Украина президенті Владимир Зеленский елге ай сайын АҚШ-тан Patriot әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйелеріне арналған зымырандар жеткізілетін болады деп мәлімдеген. Алайда оның сөзінше, Украинаға Ресей әскері шабуылға қолданып отырған баллистикалық зымырандардан қорғануға қажет оқ-дәрі көлемі әлі де жеткіліксіз.

Тамыздың басында Зеленский Украинаның әуе қорғанысы жүйелерінде зымыран қоры таусылғанын, сондықтан елдің әскери күштерінің ресейлік баллистикалық зымырандарды атып түсіру мүмкіндігі **шектелгенін** айтқан еді.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

- "Зымыран қоймада жатпауға тиіс". Зеленский Patriot қаруының баяу беріліп жатқанына қынжылыс білдірді
- Трамп Иранға жойқын шабуыл жасау жоспарын "тоқтата тұратынын" мәлімдеді
- Трамп Украинаға Patriot зымыранын әзірлеуге рұқсат берді. Бұл соғыстағы жағдайды өзгерте ме?
- Франция Киевке қару-жарақ өндіруге лицензия мен жойғыш ұшақтар бермек
- Трамп пен Зеленский тағы кездесті, Ресейге шабуыл үдей түсті | Соғыс жаңалықтары

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ

